

**Бесқарағай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 7/4-VIII шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдіstemесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бесқарағай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Бесқарағай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абылгазинова

Бесқарағай аудандық

мәслихатының

2023 жылғы 12 қыркүйектегі

№ 7/4-VIII шешіміне

1-қосымша

**Бесқарағай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3

1	Жайлыштың және жайлыш емес үйлер	1 тұрғын	1,41
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,00
3	Конақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,58
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,50
5	Мекемелер, үйымдар, оғисстер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,64
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,86
8	Мектептер және өзге де оку орындары	1 окушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,34
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,05
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,002
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,24
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,56
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,12
17	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-

18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халықта қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	-
20	Жағажайлар, жолдардан көшө сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,42
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,93
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,46
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,86
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	-
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,55
30	Қала аумағында жаппай іс-шараларды ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,009
31	Бау-бакша кооперативтері	1 участке	-

Бесқарағай аудандық  
 мәслихатының  
 2023 жылғы 12 қыркүйектегі  
 № 7/4-VIII шешіміне  
 2-қосымша

**Бесқарағай ауданы бойнша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Тенге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы және жайлы емес үйлер	айна1 тұрғыннан	380,00

Бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	3234,05
-----------------------------------	------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК